

ОӘЖ:574 (1917-1930)

АЛАШ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯСЫ: ТҰЛҒАЛЫҚ-ТАРИХИ КЕЛБЕТІ

Зарифулла Нұрилла

znurilla1@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Сәулет-құрылыс факультетінің
«Сәулет» мамандығының 1 курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі-т.ғ.к., доцент Т. Қаленова

Тұлғатану отандық тарих ғылымында ділгір мәселелерінің бірі. Мәселе осы бағытта жүргізілген зерттеулердің аздығында емес, керісінше ол зерттеулердің өзегінің осалдығында болып тұр. Тұлғатануда ортақ теориялық-әдіснамалық негіздің және сыннан өткен бағалау өлшемдерінің болмауынан тарихи тұлғаны бүкіл болмысымен емес, жеке, топтық мүддеге қызмет ететін тар танымдық шеңберде ғана танытумен шектеліп келеді. Бұл жағдай көбіне оқырманға тұлғаның өз көңілі қалаған бейнесін ұсынып, тарихи ақиқаттың ауылынан алыстай береді.

Алаш зиялары асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді, – дей келе олардың алдына қойған мақсат-мүдделері арқылы өткенімізді саралап, болашағымызға назар аударды. Замана қай уақытта да жүріп өткен жолынан сабақ алып, оның маңызды тұстарын үнемі ел жадында ұстау қажеттігін, ұлтымыздың біртуар тарихи тұлғаларын танудың маңыздылығын, оларды қастерлеуді айқындап келеді. Нәтижесінде, Алаш тарихын, оның қайраткерлерінің ұлт игілігіне сіңірген еңбектерін адамзат құндылықтарына айналдыру барысында қыруар жұмыстар жасалды. Тарихта Алаш интеллигенциясы қай-қайсысы болсын — сөзі мен ісінде, адамшылығы мен өмір салтында алшақтық болмаған тұтас, кесек тұлғалар. Олар өздерінің болмыс-бітімімен, шама-шарқын, парызы мен борышын абайлап, бар өмірін, дарынын, күш-жігерін сол азаматтық борышын ақтауға жұмсаған. Сонымен, даналықтың шыңына жеткен текті де рухы биік тұлғаларымыздың философиялық көзқарастарының қалыптасып жетілуіне

зор ықпал жасаған, ең алдымен о бойына біткен дара қасиеттер. Даналық — адамның сөзі, ісі, оның бүткіл болмыс-бітімімен көрінеді. Демек, даналық — тұлғаның сөзі мен ісінің үндестігі, жарасымдылығы. Алға қойылатын мақсаты — ұлт мүддесі, ұлтының жанын ұғынып, рухын асқақтату. Даму тарихымыздың өрісіне тереңінен бой алған рух түсінігін ұрпақтарына табыстыра білген тұлғалардың тарихи келбеттері болашаққа жол сілтер бағыт екендігі анық. Бұның барлығы тұлғаның тарихи келбетін, тектіліктің, болашақта ел басқарып, билік айтқан көсем, туған жері, елі үшін ата жауға қарсы шыққан батыр, кемел ой толғап, кеменгер ой түйген ақын әрі қоғам қайраткері болып қалыптасуда даналықтарына арқау болған дүниелер.

Бейнесі жоғары, рухы биік тұлғалардың басты қасиеттерінің бірі — батырлықтарының дәлелі. Қазақтың нар тұлғасы ХХ ғ. басында ұлт-азаттық «Алаш» қозғалысының жетекшісі, қазіргі тәуелсіз Қазақстан Республикасының негізін жасаушы, экономист, тарихшы, этнограф, журналист, қоғам және саяси қайраткер, әдебиеттанушы, публицист, саяхатшы, географ және аудармашы Әлихан Бөкейхан . Әуел шыққан сәтінде оның өткір өктем жүзінде көкшіл-қошқыл даты бар, ыстық суық тегінің, ыстық суық майдан үшін берген салқын қайрат лебі сол. Әлихан Бөкейханов - қазақ тарихында демократиялы баламалы түрде сайланған Алаш Орда – Ұлт кеңесінің тұңғыш төрағасы. «Хан баласында қазақтың хақы бар еді, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» — деген асыл ердің тектілік, намысшыл, ұлтжандылық секілді қасиеттері әр қазаққа үлгі болуы тиіс! Ал оны үлгі ету үшін әр адамның санасына Әлиханның қандай намысшыл, ұлтын сүйген ұлы адам екенін жеткізу керек. Әлихан Бөкейхановтың тұлғалық тарихи келбетін зеріктей отырып, бізге жеткен мынандай деректер бар:

1. «Бірде тегі неміс В.Радловқа Әлихан Бөкейхан: «Сіз қазақтың құқықсыз екенін биік орталарда айта жүріңіз» деп қолқа салғанда, анау: «Құдай әрбір ұлтқа түрлі тағдырды бұйырады. Сіздер бұған көндігулеріңіз керек» депті. Мұны естіген Әлекең Радловты көрсе, не кілт бұрылады екен, не ол кіргенде шығып кетеді екен. Бұл не? Бұл – принцип. Бұл – «ғалым бүйтіп айтпайды, сенің қасыңда отыру – ұлтымды қадірлемегендік» деген протест».

2. Төлеубай деген кісі кезінде Меккеге барып, қажы атанған екен. Осы сапарда Қара теңіз жағасында Әлихан Бөкейханмен ұшырасыпты. Қажылық сапар шеккен адам әр жерде садақа беріп, екі дүниенің обал-сауабын ойлайды ғой. Пітір-садақа беріп жатқанын көріп, Әлихан Төлеубай атамызға: «Жат жұрттың бейшараларынан бұрын, әуелі қазақтың қалың жарлы-жақыбайын тойындырмадыңыз ба?!» депті.

3. Тергеушілер Әлекеңді жауапқа тартып: «Сіз «Алашорданы» білесіз бе?» – деп сұрақ қойғанда: «Маған «Алашорданы» білесіз бе? – деп сұрақ қойма. Мен –«Алаш» партиясы мен «Алашорда» кеңесінің төрағасымын, «Алашорда» үкіметінің төрағасымын. Сондықтан да оның іс-әрекетіне толық жауап беремін. Ал «Алашорда» Кеңес өкіметін мойындап, оның бұрынғы іс-әрекеті үшін ешкім де, ешқашан да жауапқа тартылмайтыны туралы Ленин қол қойған келісімнен кейін ол үкімет тарихтан кетті. Егер де Лениннің қолы оның өзі өлген соң жүрмей қалса, онда үшінші адам болып Сталин қол қойған. Ол келісім күшін жойған жоқ. Жойса, келісім бойынша, маған хабарлар еді. Мен Сталиннен ондай хат алғам жоқ. Әлде сендер оны мойындамайсыңдар ма? Онда маған жазбаша жазып беріңдер. Ал жазбасандар, демек, ол келісім күшінде, одан да келесі сұрағыңа көш», – деп жауап берген.

4. Бөкейханов болмысының салауатты, алдына келген жанның мысын басатын өзгеше жаратылыс иесі екендігі. Бұл жайлы Әлкей Марғұлан, Қалижан Бекхожин, Ғалым Ахмедов, Мариям Мұқанова, Валентина Николаевна Әуезова естеліктерінде ашық жазған.Тіпті, тұтқындауға келген Мәскеудің үлкен лауазымды тергеушілерінің өзі тұтқындайтын кезде артық мінез көрсете алмаған. Лиза Әлиханқызы Бөкейханова былай деп еске алады: «Әкемнің мысы кез-келген адамды басып тұрушы еді. Әкем өзін тұтқындауға сауылдап кіріп келген тергеушілерді көргенде саспастан: «Лиза, шай қой. Қонақтар келді. Бұл мәдениетті кісілер, дәстүр аттамайды», – деді. Олар үндей алмай қалды. Сол паузаны пайдаланып: «Кешіріңіздер, телефон шалуға бола ма?», – деді. Олар рұқсат берді. Көршісі, аса белгілі кеңес ғалымы трубканы алғанда: «Вася! Мен ұзақ командировкаға кетіп барамын. Лизаны

саған тапсырдым. Аманат!» – деді де маған қарап: «Лиза! Сен анда-мұнда жүгірме. Одан ештеңе шықпайды. Бұл «барса-келместің» командировкасы», – деді сабырмен. Тергеушілер мұның бәрін үнсіз тындап тұрды, үндеуге бата алмады. Мен соған таңқалдым. Әкемнің салауаты оларды еш оғаш қылық көрсетуге мүмкіндік бермеді». Бұл әңгімені Лиза Кеңес тұсында Алаш тарихынан жабық тақырыпта докторлық диссертация қорғаған тарихшы Жақсалиевке айтып берген. Әлекеңді көрген адамдар: «Біз Бөкейхановпен еркін сөйлесе алмаймыз. Оның мысы басып тұрады және астарлап сөйлейді», – дейді екен. Әлекең өзінің сырын санаулы ғана адамдарға айтқан. «Мен тек Байтұрсыновпен, Дулатовпен ғана ұлт туралы ашық сөйлесе аламын», – дейтіні сол.

5. Әлихан сондай ұлы тұлға нәзік жанды, адамдарға бауырмал, жаны ашығыш, сезімтал болған. Лиза Бөкейханқызы: «Әкем Смағұл қайтыс болғанда қатты қайғырды. Өзі барып, оның денесін көрқаптан алып, мәйітін медициналық тексеруге апарды. «Өндірістік улану» деген диагноз қойыпты. Денесін крематорийге өртеді. Бұл оның жанына қатты батты», – деп еске алады. Бөкейханов Смағұл Сәдуақастың қазасына тек күйеу баласы ретінде қабырғасы қайысып отырған жоқ, өз идеясын, Алаш идеясын алға апаратын үмітті шәкіртінен айырылған ауыр қайғыдан егілді. Алаш идеясы өлген сияқты көрінді. Міне, осындай жаны нәзік адам. Кез келген жағдайда мысқылмен, қалжыңмен қарсы алатын Әлихан Бөкейханов осы бір Алаш идеясын ақсатпай атқарады деген азаматы жазықсыз қазаға ұшырағаны жанына батты. Демек, Алаш идеясына келгенде Әлихан Бөкейханов өзінің өмірін арнауға, күресуге бар. Ал идеяны жүзеге асыратын тәсілге келгенде сондай нәзік әрі уайымшыл.

6. Әлиханның тағы бір тұлғалық, адамгершілік қасиетін Әміре Қашаубайұлына байланысты, 1925 жылы Парижде дүниежүзілік этнографиялық концерт болады. Оған Әміре баратын болып бекітіледі. Соған байланысты Әлекең Ахмет Байтұрсынұлына ренішпен хат жазады. «Әміре Қашаубайұлын Парижге жібермекші. Ол бір де бір ән сөзін толық білмейді. Болмайтын нәрсені айтады. Мен оны әншілердің арнаулы үйіне апарып, ән салдырдым. Әйтсе де, Әміре ән салған кезде қатты ұялдым. Айтқан әнінің сөзінде пәтуа болсашы. Бір ән сөзін жаттатуға болатын еді ғой. Өзі орыс мешаны сияқты киінеді. Оны дұрыстап киіндіру де соншалық қиын іс пе еді» – деп назын айтады. Әрі өзі бас болып, Әміреге ән сөзін түгел жаттатқызып, арнайы студияға барып, әнін жаздырып, жаңаша киіндіріп, аттандырады. Әлихан болмағанда Әміренің алтын дауысы бізге жетер ме еді? Бір Құдай білсін. Мәскеуге барып, ары қарай Париж асқан Әміренің өліміне сол сапардан оралғандағы сөзі себепкер болды деп айтылады. Әлихан Бөкейханов пен Мұстафа Шоқайды жолықтырып, дәмдес болып қайтқан соң Әміре: «Сендер мұнда келіп ап қазақпын деп мақтанасындар. Ал мен нағыз қазақты Мәскеу мен Парижден көрдім», – дейді екен. Ол сөз «салпаңқұлақтардың» құлағына жетіп, Әміренің ғұмырын көктей солдырған. Міне нағыз патша келбеті, міне ұлт көсемі!

Қазақ халқының тарихында ұлы өзгерістер мен қиын-қыстаулар алып келген ХХ ғасырдың басында Ресейдегі қоғамдық-саяси оқиғалар ұлттық сананың өсуіне, қоғамдық ой-пікірінің әлеуметтік мәселелерге батыл араласа бастауына ықпал жасады. Ол отырықшылық пен көшпелілік, ел басқару ісіне араласу, жер және заң, ұлттық тәуелсіздік, дін, оқу-ағарту секілді заман алға тартқан күрделі мәселелерді жан-жақты көтеріп, халық мүддесі тұрғысынан шешуге талпынды. Осының барлығы жинақтала келіп, ғасыр басындағы қазақ баспасөзін туғызды, олар осы қоғамдық-әлеуметтік ой-пікір орталығына айналды, ұлттық публицистиканы дамытты.

Ақаңның аты аталған жерде «Қазақ» газеті қоса аталады. Ахмет Байтұрсынұловтың тыныс тіршілігіндей болып, қазағына әсерлі, зерделі ой салған «Қазақ» газеті халқына үлкен қызмет жасады.

Ахмет Байтұрсынұловтың көсемсөзін, шығармашылығын шола отырып көп уақытын, күш-жігерін оқу-ағарту ісіне, ел мәдениетін көтеруге ұмтылған ағартушылыққа және әдебиеттану, тілтану саласын ұлттық ерекшелік тұрғысынан зерттеген ғалымдық қызметіне арнағанын байқаймыз. Ахмет Байтұрсынұлов өз қоғамындағы барлық маңызды мәселелерді сөз

еткен. Көсемсөзінде бірқатар орын алатын оқу, білім, өнер тақырыбы. Оның тұлғалық келбеті басқалардан өзгеше болған, оған дәлел ретінде келесі деректерден байқауға болады.

1. Ахмет Байтұрсынов өзінің көсемсөздерінде оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөлді. «Қазақша оқу әлі бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді: тәртіппен оқытарлық мұғалімдер аз, оқу программасы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғалимин жоқ», — деп қазақ мектептерінің заман талабынан тысқары қалып отырған жай-күйін күйзеле жазады.

2. Ахмет Байтұрсынов орыс миссионерлерінің қазақ халқын орыстандыру үшін жасап отырған айла-әрекеттерін жақсы түсінген. Ол кісі Ресей сияқты үлкен мемлекеттің жоспарлап отырған ірі саясатының құрбанына айналып кетпеу үшін күресті. Қазақ өзінің халықтығын, ұлттығын жоймас қамын жасау керек. Ол үшін ана тілінде әліппе жасап, сабақты ана тілінде жүргізіп, мектептерді заман талабына сай жабдықтап, педагогикалық білімі бар білімдар ұстаздар дайындау қазақ оқығандарының алдында тұрған маңызды міндет болды.

3. Осы кезге дейін қазақ қоғамында орын алып келген ана тілін менсінбеушілік, жете бағаламаушылықтың түптамасы әріде жатқанын аңғарамыз. Ахмет Байтұрсынов осы улы тамырдың тереңге жайылмауын, жас буынды шырмауының алдын алмақшы болып күресті. Уытты сөздерімен құрбандыққа айналып бара жатқан халқының санасына әсер етпекші болды. Бұл мақсатынан қашанда бас тартқан емес.

4. Қоғамдық-әлеуметтік мәселелерді сөз еткен мақалаларында Ахмет Байтұрсынов өз заманының өзекті деген тақырыптарына қалам тартып, халқына қамқор болу, елге қызмет жасау идеясын насихаттады. Мұның бәрі азаттық туын қазақ көсемсөзінде желбіретіп, «Ұятың, арың оянсын» деген Абай дәстүрін тарихи сабақтастықпен дамытқан. XX ғасыр басындағы көсемсөз өзіндік ерекшелігімен жаңа бір қырынан танылды. Сол шоқтығы асқақ тұлғалар қатарында Ахмет Байтұрсынов жұлдызы биік болып қала бермек.

5. Сонымен қатар баспасөз халықтық эстетикадан бастау алып, XIX ғасырда жаңаша сипат алуға ұмтылған оқыту қажеттігін тудырды, ол педагогиканың дамуы мен оны зерттеу мәселелерін нақты және жан-жақты сөз етуде сәтті қадамдар жасады. Білім беру ісі өркен жайып, әдістемелік түрлері дамыды, жаңа көркемдік ізденістерге ұмтылды. Баспасөзде фольклорлық және классикалық мұраның таңдаулы үлгілері жарияланды, әдеби жинақтарға енді, жеке кітап болып басылып шықты. Осыған сай оқыту саласы да әр дәрежедегі эстетикалық биіктерге қол соза бастады. Кітап шығару ісі қызу қолға алынды.

Өзінің көсемсөздерінде қазақ тағдырына байланысты сан алуан көкейкесті мәселелерді қозғап, халқына жеткізуге, көкірек көзін ашуға ұмтылған заманның озық ойлы азаматы еді. А. Байтұрсынов ел есінде өзінің өнеге болар өмірімен, шығармаларымен қалды. Ол кісі данышпандығы мен ұлылығын өз кезінде-ақ мойындатқан. А. Байтұрсынов сөздерінің жаңғырығы бүгінгі ұрпақтарын да бейтарап қалдырмады. Ұлттық тәуелсіздік, ұлттық армия, ұлттың өзін-өзі басқару туралы концепцияларды Ахмет Байтұрсынов мүше болған «Алаш» партиясы іске асыра алмай арманда кетсе, бүгінгі ұрпақтары сол идеяларды жүзеге асыру үшін күресуде. Сондықтан да халқының Ахмет Байтұрсыновтың тұлғалық -тарихи келбеті, қазақ тілін негізгі қалаушы ретінде, қазақ елі үшін өз өмірін құрбан болған, ұлы дана, «алаш» қайраткері болып мәңгі тарихта қалады.

Алаш интеллигенциясының тағы бір ұлы қайраткері, қаламгерлердің қатарында, ақын әрі жазушы, драмашы әрі аудармашы, ұстаз әрі, ағартушы Жүсіпбек Аймауытовтың есімі айрықша орын алады. Жүсіпбек Аймауытовтың өмірін зеріктей отырып, оның қандай адам болғанын, тарихи келбетінің қандай болғанын зеріктеп, мына деректерді қарастырдым.

1. Жүсіпбек дарынды ұстаз болған. Оның халыққа білім беру орындарында ұстаздық, жетекшілік қызмет атқара жүріп жазған жас ұрпақты жаңаша тәрбиелеу, жаңаша білім беру мақсатын көздеген «Тәрбиеге жетекші», «Психология», «Жан жүйесі және өнер таңдау» атты елеулі кітаптары мен оқу құралдары кезінде халық тағдыры үшін ерекше

рөл атқарған еңбектер болды. Ол поэзияға жаңалықтар енгізген: атап айтқанда, верлибрді қосып, өлеңнің сыртқы ұйқасы бұзылғанымен, өлеңнің ішкі ырғағы сақталған.

2. Ол қазақ халқының отаршылдық пен ішкі ауқатты топтың екі жақты езгісіне қарсы тәуелсіздік үшін күрес идеясымен сусындап, әдеби шығармашылығын төңкеріс тұсында бастады да, оны 20-жылдары айрықша дамытып жетілдірді. Ақын, драматург, прозашы, публицист, сыншы, аудармашы Жүсіпбек бұл кезде әдебиеттің көптеген жанрларында өнімді жұмыс істей жүріп, осы жанрлардың ұлттық әдебиетімізде орнығуына, шеберлік жағынан жетілуіне аса зор еңбек сіңірді. Қоғамдық дамудың бағыт-бағдары мен заманның қайшылықты сипаты жайлы кең толғанып жазды.

3. Ол ауыл молдасынан оқып сауатын ашады. Тиіп-қашып әр қилы молдалардың (өзі айтуынша, Жүніс қожа, Шәймерден қожа, Қожахмет молда, Қапар қажы, Мұхамеджан) алдын көріп, ескіше едәуір білім алады. Содан кейінгі біраз уақыт өзі де молдалық құрып, бала оқытады. «Қартқожа» романында Ж. Аймауытов бала молда ретінде өз өмірінің осы тұсын суреттеген.

Алаш идеологиясын қалыптастырушылардың бірі. М. Дулатұлының қоғамдық-саяси қызметі қазақ зиялылары Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытовтармен тығыз байланысты. Қазақтың зиялы қауым өкілдері сол қоғамның ең өзекті мәселесі отарлық езгіге қарсы ұлттың санасын оятып, оны қалыптастыру жолында өздерінің шығармашылық қызметтерімен де, қоғамдық-саяси қызметтерімен де алға шығып, қалың қазақ халқын сондарына ілестіре білді. Қазақ халқының бойындағы ұлттық рухты, сана-сезімді ояту мақсатында, халықтың көзін ашу жолында аянбай күресті. Осы мақсатта «Қазақ», «Сарыарқа», «Алаш» газеттері арқылы орасан зор жұмыстар атқарды. М. Дулатұлының тұлғалық келбетін зеріктей отырып, мына деректерге бет бұрдым.

1. Жастарды қоғам ісіне тартуда, олардың ой-санасының жетілуіне қажетті мәдени-ағарту саласында жүргізген қызметтері ұшан-теңіз. Міржақып сол кезеңдегі үкіметтің жүргізіп отырған саясатын шенеп, қазақ елінің егемендігі, ел болып жерге, суға иелік ету мәселесі, қазақ шаруаларының мұң-мұқтажы, қоныс аударушылар жайлы газет бетіне мақала, сын, әңгіме, өлеңдер жариялай бастайды. Оның алғашқы үкімет саясатын сынап жазған мақаласы «біздің мақсатымыз» деген атпен 1907 жылы «Серке» газетінде басылып шығады. Ал 1909 жылы Петербургте Міржақып Дулатұлы қазақ халқының көзін ашуға талпынып «Оян, қазақ!» деген кітабын жариялайды.

2. Ақын «Оян қазақта» патша өкіметінің қазақтардың малға жайлы шұрайлы жерлерін тартып алып, ата-баба бейітін бұзып, халықты қалай болса солай тартқылап, не тіліне, не діліне, не жеріне иелік етуге мүмкіндік бермей, әбден езіп, жаншығаны Міржақыптың жүрегіне ауыр тиеді. Осы өлеңі арқылы халықтың ауыр тұрмысын ойлап, сынға алып жазады. «Оян, қазақ!» кітабы патша үкіметіне ұнамағандықтан М. Дулатұлы қамауға алынады. 1913 жылы А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатұлылардың белсенділігімен «Қазақ» атты биресми газет шығарыла бастайды. Бұл газетте негізінен қазақ халқының қоғамдық мүдделерін көксеген жер, оқу-ағарту, ұлт, дін сияқты маңызды мақалалар жарияланды. Сөйтіп «Қазақ» газеті қазақ зиялыларының басын біріктірді.

3. «Қазақ» газеті арқылы «Алаш» партиясын дайындауда да елеулі жұмыстар атқарды. Қазақтың ұлт интеллигенттерінің алғашқы қадамы, қазақты біріктірудегі, көзін ашудағы, сана-сезімін оятудағы жұмыстар тікелей осы газет арқылы іске аса бастады. «Алаш» автономиясы мен Алашорда үкіметін құруда Міржақып Дулатұлы көп еңбек сіңірді. Сонымен қатар М. Дулатұлы – әдебиеттің әр түрлі жанрына қалам тартқан қаламгер. «Оян қазақ!» кітабынан бөлек, екінші өлең кітабы 1913 жылы Орынборда «Азамат» деген атпен жарыққа шығады. «Азамат» жинағына негізінен нәзік лиризм тән. Мұнда ақын адамның ішкі сезім-толғаныстарын, табиғаттың әсемдігін айшықты бедерлеуге ден қойған.

4. Оқу-педагогтік қызмет - өмір бойы қаламгердің айрықша көңіл аударған, қолы босаған сәтте ықыласпен айналысқан жұмыстарының бірі. Қазақ халық ағарту институтында ұстаздық еткен жылдары ол осы саланың өзекті мәселелері туралы өткір мақалалар жазды, жаңа шаңырақ көтеріп жатқан оқу орындарына арнап «Есеп құралы. Бастауыш мектеп

оқушыларына», «Есеп құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқытылатын», «Қирағат кітабы» оқу құралдарын шығарды.

Тарихшы Мәмбет Қойгелдиевтің пікірінше, сол кездері көпшілікке танымал болған «Қазақ» газетін Міржақып Дулатұлының қарымды қаламы, көксемсер сөзі, жалынды публицистикасының елестету мүмкін емес. Ол еңбектерінде ол Міржақып туралы: «Міржақып өте жылдам жазған және өте өткір тақырыпқа жазған. «Қазақ» газеті сондай сапада, сондай биіктіктен көрінуіне, меніңше, бірден-бір Міржақып Дулатұлына қарыздар. Жалпы Міржақып Дулатұлы – қазақ журналистикасын жаңа сапаға көтерген адам», - деген пікір айтыпты.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Абжанов Х.М., Гуревич Л.Я. Интеллигенция Казахстана: история, теория, современность.- Алматы,1992.
2. Кенжин А. К исторической оценке деятельности партии Алаш. Известия Киробкома ВКП (б). 1993.№1.
3. Құдарбердиев Ш. Шығармалары.- Алматы, 1998.
4. Озғанбай Ө. Ресей Мемлекеттік думасы және Қазақстан (1905-1917жж.).- Алматы,1997.
5. Федюкин С.А. Великий Октябрь и интеллигенция.- М., 1972.
6. Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы. Алаш қозғалысы. - Алматы, 2014.
7. Имаханбет Р.С. Ахмет Байтұрсынұлы: ғұмырбаяндық деректер. «Алаштың Ахметі»: Респ. Ғыл.-тәж. конф. Материалдары.-Қарағанды: TENGRI Ltd, 2013.-382 б.
8. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Аруна Ltd. ЖШС, 2005 [ISBN 9965-26-095-8](#)
9. Әшкеев Н. Ә.Бөкейхановтың ұлттық мемлекет құрудағы ұстанған негізгі принциптері // Ақиқат , 2002 , №3, 50 -55 б.
10. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы.- Алматы: Санат, 1995, 23-28 б.
- 11.Нұрпейісов К. Алаш Һәм Алашорда.- Алматы: Ататек, 1995, 156 б.